

## **Қарыздық міндеттемелерді орындау жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 маусым N 829

Қазақстан Республикасының банк саласындағы қарызды қайтармаудан туындаған дағдарысты шешу және төлем жасауға қабілетсіз борышкерлердің қаржылық менеджментін жақсарту жолымен төлем жасау қабілетін тездетіп қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақтың әлеуметтік дамуға кредит беретін акционерлік коммерциялық банкінің 1,672 млрд. теңге сомасындағы берешектерін қайтару туралы заңды құқықтық талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті он күн мерзім ішінде акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен Қазкредәлеуметбанкінің мемлекеттік кәсіпорындары-борышқорларының мүлкін саудаластықта сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне беруді іске асырсын.

2. Сатылатын акциялардың мемлекеттік пакеті мен Қазкредәлеуметбанкінің мемлекеттік кәсіпорындары-борышқорларының мүлкінің құны саудаластықта айқындалатын болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі

мемлекеттік комитеті акцияларының мемлекеттік пакеті кәсіпорындар-борышқорлар мүлкін Қазкредәлеуметбанкінің алдындағы тиісті кәсіпорындардың берешектерін бірінші кезекте өтеуді міндетті шарт ретінде көздей отырып қойсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК